

1) Теңдеуді шешіңіз / Решите уравнение: $2x + \frac{5}{2} = x - \frac{1}{2}$

- A) 3 B) 2 C) 1 D) -2 E) -3

2) Теңсіздікті шешіңіз / Решите неравенство: $3x - \frac{39}{10} < 2x - \frac{7}{2}$

- A) $x > 0,1$ B) $x < 2$ C) $x > 1$ D) $x < 1,2$ E) $x < 0,4$

3) Теңсіздікті шешіңіз / Решите неравенство: $\frac{x-2}{3} > \frac{x}{4} + \frac{1}{3}$

- A) $x > 10$ B) $x < 12$ C) $x > 12$ D) $x < 1,2$ E) $x > 5$

4) Ықшамдаңыз / Упростите:
$$\frac{5 - \frac{1}{1 - \frac{1}{2}} + \left(\frac{1}{3} - 3\right)}{4 + \frac{5}{2 - \frac{1}{3}} - \left(7 - \frac{1}{3}\right)}$$

- A) 1 B) 2 C) 3 D) 4 E) 5

5) Ықшамдаңыз / Упростите:
$$\frac{2}{1 + \frac{5}{2 + \frac{1}{2} - \frac{1}{2}}}$$

- A) 1 B) 2 C) 2/3 D) 1/2 E) 3/4

6) Тік төртбұрыштың ұзындығы 10 дм, ені 15 дм. Периметрін табыңыз.
Длина прямоугольника 10 дм, ширина 15 дм. Найдите периметр.

- A) 20 см B) 50 см C) 50 дм D) 20 дм E) 150 дм

7) 1 сағат 55 минутта қанша секунд бар?
Сколько секунд в 1 часе и 55 мин?

- A) 7200 секунд B) 7000 секунд C) 6900 секунд D) 6400 секунд E) 6200 секунд

8) Тіс дәрігері 22 минутта үш науқасты қабылдады. Біріншісін 8 минутта, екіншісін біріншіге караганда 2 есе тез қабылдады. Үшінші науқасты қанша уақытта қабылдады?

За 22 минуты зубной врач осмотрел трех пациентов. Первого за 8 минут, второго в 2 раза быстрее чем первого. За сколько минут он осмотрел третьего?

- A) 10 мин B) 15 мин C) 8 мин D) 9 мин E) 2 мин

9) $\frac{2^2 - (-3)^2 + 5^2}{1 - (-1 - (-1 - (-4)))} = ?$

- A) 8 B) 6 C) 4 D) -4 E) -6

10) Теңдеуді шешіңіз: / Решите уравнение: $\frac{x}{2} + 2 = \frac{3x}{4}$

- A) 8 B) 6 C) 4 D) -4 E) -6

11) Арманның жасы 6 жыл өткен соң қазіргі жасынан $1\frac{2}{3}$ есе үлкен болады. Арманның қазіргі жасын табыңыз.

Возраст Армана через 6 лет будет в $1\frac{2}{3}$ раза больше чем сейчас. Найдите нынешний возраст Армана.

- A) 9 B) 10 C) 11 D) 12 E) 13

12) Атасы 62 жаста, немересі 6 жаста болса, неше жылдан кейін олардың жастарының қатынасы $4\frac{1}{2}$ -ке тең болады?

Возраст дедушки 62 года, возраст внука 6 лет, через сколько лет соотношение их возрастов будет равно $4\frac{1}{2}$?

- A) 6 B) 8 C) 10 D) 12 E) 14

13) Аудиторияда 72 ұл оқушы бар. 62 ұл және аудиториядағы қыз оқушылардың 70% -ы математика емтиханнан жақсы баға алған. Егер аудиториядағы барлық оқушылардың 75%-ы емтиханнан жақсы баға алған болса, аудиторияда қанша оқушы бар?

В аудитории 72 мальчиков. 62 мальчика и 70% девочек в аудитории сдали экзамен хорошо. Если 75% всех детей сдали экзамен хорошо, то сколько в общем детей в аудитории?

- A) 232 B) 251 C) 272 D) 273 E) 234

14) Мурат пен Асхат бірлескен жағдайда бір жұмысты 9 күнде бітіреді. Егер Мурат жұмысты өзі жалғыз 12 күнде бітірсе, Асхат сол жұмысты неше күнде бітіреді?

Мурат и Асхат объединившись закончили работу за 9 дней. Если Мурат самостоятельно может закончить работу за 12 дней, то за сколько дней справится с этой работой Асхат?

- A) 14 B) 24 C) 28 D) 32 E) 36

15) 580 км ұзындықтағы жолдың бірінші бөлігі құммен, екінші бөлігі асфальтпен төселген. Автокөлік жолдың асфальт төселген бөлігін 90 км/сағ жылдамдықпен, ал құм төселген бөлігін 65 км/сағ жылдамдықпен жүріп, барлығы 7 сағат уақыт жұмсайды. Автокөлік жолдың құм төселген бөлігіне жұмсаған уақытының асфальт төселген бөлігіне жұмсаған уақытына қатынасы неге тең?

Первый участок 580 км-ой дороги покрыт песком, а второй её участок – асфальтом. Автомобиль прошел асфальтированный участок со скоростью 90 км/час, а участок дороги из песка со скоростью 65 км/час, потратив на это в общем 7 часов. Чему равно соотношение времени затраченного на езду по песку к времени затраченного на езду по асфальту?

- A) 3/4 B) 4/5 C) 6/7 D) 2/5 E) 1/6

16) Айжан қарызының $\frac{1}{6}$ бөлігін қайтарғаннан кейін қалған қарызының $\frac{3}{4}$ бөлігін төледі. Егер тағы төлейтін 240 теңге қарызы қалса, Айжанның алғашқы қарызы неге тең?

Айжан возвратила $\frac{1}{6}$ долга, а затем еще $\frac{3}{4}$ оставшегося долга. Если у неё остался остаток долга в 240 тенге, то чему равна сумма первоначального долга?

- A) 1152 теңге B) 1162 теңге C) 1164 теңге D) 1168 теңге E) 1172 теңге

$$17) 1 - \frac{1 - \frac{2\frac{2}{3} - \frac{2\frac{1}{3}}{3 + \frac{1}{2}} + 1}{\frac{1}{2} + 2\frac{4}{8}}}{1 - \frac{1}{3}} = ?$$

- A) 1 B) 2 C) 2/3 D) 1/2 E) 3/4

$$18) \frac{\frac{2}{3} + \left| \frac{2018 - |2016 - |2014| + |2012|| + 2}{3 + \frac{|2015| - |-2013|}{2}} \right|}{1 - \frac{1}{6}} = ?$$

- A) 2,6 B) 2,4 C) 2,2 D) 3,6 E) 2

19) x және y – бүтін сандар. Берілген теңсіздіктер арқылы x -тің ең кіші мәнімен y -тің ең үлкен мәнінің қосындысының жартысы неге тең?

$$12 < \frac{x}{3} < 15 \text{ және } 1,5 \leq \frac{y}{10} < 4,4$$

x и y – целые числа. С помощью неравенств определите половину суммы самого маленького значения для x и самого большого значения для y :

$$12 < \frac{x}{3} < 15 \text{ и } 1,5 \leq \frac{y}{10} < 4,4$$

- A) 36 B) 40 C) 80 D) 82 E) 84

20) Екі санның айырымы 12-ге тең. Егер сол сандардың қосындысының $1/3$ бөлігі кіші санның 2 еселігіне тең болса, үлкен санды табыңыз.

Разница двух чисел равна 12. Определите большее число, если $1/3$ суммы двух эти чисел, в 2 раза больше меньшего числа.


- A) 15 B) 12 C) 10 D) 9 E) 8

21) «Төртбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы 360° тең»

Төмендегі төртбұрыштың ішкі бұрыштарының шамалары 2, 4, 5 және 7 сандарына пропорционал болса, ең үлкен бұрышы неге тең?

«Сумма внутренних углов четырехугольников равна 360° »


Если значения внутренних углов четырехугольника пропорциональны числам 2,4,5 и 7, то чему равен самый большой внутренний угол?




- A) 100° B) 110° C) 120° D) 140° E) 160°

22) Төменде бір ғимараттың жоғарыдан және 4 ші нүктеден көрінетін кескіндері берілген. Ғимараттың 1 ші нүктеден көрінетін кескінін анықтаңыз.

Ниже приведены изображения здания сверху и с позиции 4. Определите изображение здания с позиции 1.



23) Сұрақ белгісінің орнында қандай кескін болуы керек?
Какое изображение соответствует вопросительному знаку?




- A) ☒☒□□□ B) □□□□⊕ C) □⊕□□□
- D) □□□☒□ E) □□⊕□□

24) Сұрақ белгісінің орнына сәйкес келетін сан:
Какое число соответствует вопросительному знаку?

11	12	15	24	?	132
----	----	----	----	---	-----

- A) 47 B) 48 C) 50 D) 51 E) 59

25) Сұрақ белгісінің орнына сәйкес келетін сан:
 Какое число соответствует вопросительному знаку?



- A) 7 B) 8 C) 17 D) 18 E) 29

26) $y - x$ неге тең? / Чему равно $y - x$?

5	13	10	22	17	33	26	46	x	y
---	----	----	----	----	----	----	----	-----	-----

- A) 20 B) 21 C) 22 D) 23 E) 24

27) x неге тең? / Чему равно x ?

9	11	5	20	8
7	3	13	7	12
10	5	x	15	9
2	7	8	1	5
8	16	22	13	16

- A) 8 B) 4 C) 12 D) 3 E) 5

28) Есептеңіз / Вычислите:
$$\frac{\frac{324 : 2}{4} + \frac{522 : 3}{3} + 0,25 \cdot 2}{|1 - |1 - |1 - (-100)||} + 1\frac{1}{2} : 3 = ?$$

- A) 3 B) 2,5 C) 1 D) 1,5 E) 0,5

29) Егер $x = 2 + y$ және $y = 1 - \frac{2015}{2017}$ болса, онда $\left(\frac{4034x}{4036}\right)^4 + \left(\frac{6051y}{2}\right)^2$ неге тең болады?

Вычислите $\left(\frac{4034x}{4036}\right)^4 + \left(\frac{6051y}{2}\right)^2$, при $x = 2 + y$ и $y = 1 - \frac{2015}{2017}$.

- A) 135 B) 18 C) 21 D) 25 E) 30

30) Теңдеуді шешіңіз / Решите уравнение:
$$\frac{a - 3\frac{1}{2}}{1 + \frac{1}{1 + \frac{1}{2}}} = \frac{2a}{5} - 4\frac{3}{10} - 1\frac{1}{5}$$

- A) 32 B) 30 C) 28 D) 26 E) 24

31) Теңдеуді шешіңіз / Решите уравнение:

$$\frac{2x}{5} - \left(-\frac{3x}{4} + \frac{2}{2017} \right) + \left(\frac{2019}{2017} - \frac{3x}{20} \right) = 5$$

- A) 4 B) 3 C) 2 D) 1/2 E) 1

32)
$$\frac{(-3)^2 + \left(\frac{1 - (-4)^2 - 1}{2} \right) - \left(\frac{2 - (-5)^2 - 2}{5} \right)}{3^2 - 2^2} = ?$$

- A) 0,2 B) 1,2 C) 1,8 D) 2,8 E) 3

33) Теңдеуді шешіңіз / Решите уравнение:
$$\frac{\frac{x}{2018} - \frac{2017}{2018}}{-1 - (-5)} = \frac{\frac{1}{2017}}{1 - (-1)}$$

- A) 2016,75 B) 2017 C) 2019 D) 2018 E) -2018,25

34) Теңдеуді шешіңіз / Решите уравнение:
$$\frac{\frac{1}{3} - \frac{1}{5} - \frac{1}{15}}{\frac{1}{3} - \frac{1}{7} + \left(\frac{2}{3} + \frac{3}{21} \right)} + \frac{x}{2} = \frac{3x}{2} - \frac{2}{15}$$

- A) 1 B) 1/21 C) 2/21 D) 1/5 E) 2/5

35) Теңдеуді шешіңіз / Решите уравнение:
$$\frac{x - \frac{1}{3}}{2} + \frac{x + \frac{1}{2}}{3} = \frac{\left(-3 + \frac{1}{1 - \frac{1}{2}} \right)^2}{6}$$

- A) 0,6 B) 0,5 C) 0,2 D) -1,2 E) -1,3

36) Ықшамдаңыз / Упростите:

$$\frac{\left(5\frac{1}{2} + \frac{1}{2017}\right) \cdot \left(2\frac{1}{3} - \frac{7}{3}\right)}{2018}$$

- A) 2 B) 3 C) 4 D) 5 E) 0

37) Теңдеудің түбірлерін табыңыз / Найдите корни уравнения:

$$\frac{|x-1|}{2} - \frac{|x-1|}{4} - 2\frac{1}{2017} = -1\frac{1}{2017} + 0,5$$

- A) -5;7 B) -5;9 C) -14;5 D) -5;14 E) -14;-5

38) Теңсіздікті шешіңіз / Решите неравенство: $\frac{4x-1}{6} + 3\frac{1}{6} \leq \frac{x+6}{3} + 5$

- A) $x \leq 13$ B) $x \geq \frac{13}{4}$ C) $x \leq 12$ D) $x \geq \frac{13}{5}$ E) $x \leq \frac{38}{3}$

$$39) \frac{\frac{3^3 + 2^2 - 1}{3^2 - 2^2} + \frac{6^2 - 2^3}{2^2 - (-3)}}{4 + \left(-1 + \left(-\frac{1}{2} + \left(-1 + \left(-\frac{1}{2}\right)\right)\right)\right)}$$

- A) -6 B) -5 C) 6 D) 8 E) 10

40) Ықшамдаңыз / Упростите: $\frac{a+b-1}{2007a+1927b} - \frac{2017-90b-10a}{2017}$

- A) 1 B) 2 C) a D) 3 E) 4

41) Теңдеуді шешіңіз / Решите уравнение: $\frac{3x-5}{10} - \frac{x-1}{10} = 3$

- A) 7 B) 8 C) 12 D) 17 E) 21

42) Ықшамдаңыз / Упростите: $1 + \frac{2}{1 - \frac{2}{3} + \frac{2 - \frac{3}{4}}{2 + \frac{1}{2}} - \frac{4}{20}}$

- A) 4 B) 5 C) 1/5 D) 1/4 E) 2

43) Теңдеуді шешіңіз / Решите уравнение: $\frac{5x}{2} + \frac{|2^2 - 3^2|}{2} - \frac{1}{2 - (-3)} = x + 2,6$

- A) 0,2 B) 0,3 C) 0,4 D) 0,5 E) 0,6

44) x неге тең? / Чему равно x ?

$$\frac{1 - (-2) - (-3 - (-4))}{2} + \frac{1}{x} = \frac{-3 - 7}{2}$$

- A) -1/4 B) -1/6 C) -1/3 D) 1/6 E) 2/3

45) Теңдеуді шешіңіз / Решите уравнение: $1 - \frac{1}{1 - \frac{1}{3}} + \frac{2}{5 - \frac{1}{1 - \frac{1}{2}}} = \frac{x}{6}$

- A) 5 B) 3 C) 1 D) 8 E) 9

46) Егер $x = 2$, $y = -3$ болса, $\frac{2xy}{x^2 + y^2}$ өрнегі неге тең?

Если $x = 2$, $y = -3$, то чему равно $\frac{2xy}{x^2 + y^2}$?

- A) $\frac{12}{13}$ B) $-\frac{12}{13}$ C) -1 D) $\frac{15}{13}$ E) $\frac{12}{5}$

47) Теңдеуді шешіңіз: / Решите уравнение

$$x - (2x - (3x - 5)) = 1$$

- A) -3 B) -1 C) 0 D) 1 E) 3

48) Оқушылар сыныптың қорына 500 теңге немесе 1000 теңгеден қосты. Қорда 17000 теңге жиналды. Егер сыныпта 24 оқушы болса, неше оқушы 500 теңгеден қосты?

Ученики внесли в фонд класса по 500 тенге или 1000 тенге. Было собрано 17000 тенге. Если в классе 24 ученика, то сколько учеников внесли в фонд по 500 тенге?

- A) 20 B) 17 C) 15 D) 14 E) 11


49) Сыныпта 8 ұл және 26 қыз бар. Сыныптағы жалпы оқушы санының ұлдардың санынан 2 есе артық болуы үшін, сыныпқа тағы неше ұл кіру керек?

В классе 8 мальчиков и 26 девочек. Для того, чтобы общее число учеников стало в 2 раза больше числа мальчиков, сколько еще мальчиков должно войти в класс?

- A) 15 B) 16 C) 18 D) 19 E) 20

50) Сұрақ белгісінің орнына сәйкес келетін сан:


Какое число соответствует вопросительному знаку?



- A) 12 B) 13 C) 14 D) 15 E) 16



51) Сұрақ белгісінің орнына сәйкес келетін кескін:

Какое изображение соответствует вопросительному знаку?




- A) B) C) D) E)

52) Сұрақ белгісінің орнына сәйкес келетін кескін:
 Какое изображение соответствует вопросительному знаку?




53) $x + y$ қосындысын табыңыз.
 Найдите сумму $x + y$.




- A) 122 B) 124 C) 126 D) 134 E) 140

54) Өзгеше кескінді табыңыз.
 Найдите отличную от других фигуру.




55) Берілген фигураны жинағанда қай куб шығады?
 Какой куб образуется при сборке данной фигуры?




A)



B)



C)



D)



E)

**Қазақ тілі
(қазақ тобы)**

56. Қимылдың бірнеше адам арқылы жүзеге асқанын көрсететін қатарды белгілеңіз:

- A) Мейрам күндері ініммен бірге демаламыз.
- B) Мейрам күндері інім саябақта демалады.
- C) Інім Мейрамның үйіне барғанды ұнатады.
- D) Бүгін інім саябақта демалып жатыр.
- E) Мейрам немесе інісі демалыста ауылға барады

57. Бөлшектік мағынаны көрсететін сөздер қатарын белгілеңіз:

- A) Бесаспап құрал
- B) Бес саусақтай білу
- C) Екі жарты – бір бүтін
- D) Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты
- E) Жеті жұрттың тілін біл, өз тілінді құрметте

58. Жинақтық сан есімі бар сөйлемді белгілеңіз:

- A) Ел құлағы елу.
- B) Ит жеті қазынаның бірі.
- C) Төртеу түгел болса төбедегі келеді.
- D) Қызға қырық үйден тыю.
- E) Жеті атасын білмеген – жетесіз.

59. Күшейту мағынасы бар сөйлемді белгілеңіз:

- A) Көрермен ризашылығын қол соғып, әрі гүл беріп білдіре алады.
- B) Көрермен ризашылығын қол соғып қана білдіре алады.
- C) Көрермен ризашылығын қол соғып және гүл беріп білдіре алады.
- D) Көрермен ризашылығын әбден қол соғып, ең әдемі гүл беріп білдіре алады.
- E) Көрермен ризашылығын қол соғып, гүл беріп білдіреді.

60. Етістіктің шақтарын берілген мысалдармен сәйкестендіріңіз:

Етістіктің шақтары:	
1	Ауыспалы келер шақ
2	Ауыспалы осы шақ
3	Ауыспалы өткен шақ
4	Болжалды келер шақ
5	Бұрынғы өткен шақ
6	Жедел өткен шақ
7	Мақсатты келер шақ
8	Нақ осы шақ

Мысалдар:	
а	Ертең барамын.
ә	Бардыңыз ба?
б	Бара жатырмын.
в	Бармақшымысың?
г	Бармассың.
ғ	Барып жүрген едім.
д	Барып жүретінсің.
е	Күнде барамыз.

- A) 1 – е, 2 – а, 3 – в, 4 – ә, 5 – г, 6 – ғ, 7 – д, 8 – б
- B) 1 – ә, 2 – б, 3 – в, 4 – е, 5 – г, 6 – ғ, 7 – д, 8 – а
- C) 1 – а, 2 – е, 3 – д, 4 – г, 5 – ғ, 6 – ә, 7 – в, 8 – б
- D) 1 – б, 2 – в, 3 – г, 4 – ғ, 5 – д, 6 – е, 7 – ә, 8 – а
- E) 1 – а, 2 – ғ, 3 – д, 4 – ә, 5 – б, 6 – в, 7 – г, 8 – е

61. Тәуелденген тұлғадағы сілтеу есімдігін табыңыз:

- A) Кіміңіз? Несі?
- B) Бұнысы, мынауымыз
- C) Соның, анаған
- D) Өздерің, өзіңіз
- E) Барлығынан, бәрінің

Мәтінді мұқият оқып, төмендегі 62, 63, 64, 65 сұрақтарға жауап беріңіз:

Қорғалжын мемлекеттік қорығының көлдер жүйесі дүние жүзі мен жергілікті ғалымдар, биолог, эколог, оқушылар, студенттер, туристердің қызығушылығын туғызатын Қазақстанның ерекше қорғалатын інжу-маржаны болып табылады. Мысалы, Теңіз көлі - 1974 жылы сулы-батпақты аумақтар туралы Рамсар конвенциясына сәйкес ғаламдық маңызы бар сулы-батпақты аумаққа жатқызылды. 2000 жылы Қорық көлі «Тірі көлдер» деп аталатын әлемнің бірегей көлдері жүйесіне енді. 2008 жылдың мамырында Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығы Орталық Азиядағы алғашқы нысандардың бірі болып ЮНЕСКО-ның әлемдік мирастарының тізіміне енгізілді. Қорық аумағының бірегей бөлігі Орталық-Азиялық және Сібірлік-Оңтүстік еуропалық құстардың орын ауыстыру, миграциялық ұшу жолдарының қиылысқан жерінде орын тепкен. Далалық, шалғындық, галофитті және су қауымдастықтарының қатар кездесуі, сирек және жойылып кету қаупі төніп тұрған құстардан тұратын био әртүрліліктің молдығының ерекшеліктері қалыптастырады. Бұған қоса қорық аумағының ұзақ уақыт бойы қорғауда болуы жайқалған табиғатты бастапқы күйінде сақтауға мүмкіндік берді.

62. Мәтінге сай келетін тақырыпты белгілеңіз:

- A) Қазақстанның туристік жерлері
- B) Қорықтың құстары
- C) ЮНЕСКО-ның Қазақстандағы нысандары
- D) Қорықтың көлдері
- E) Орталық Азия көлдері

63. Қорықтың әлемдік деңгейдегі мұралардың тізіміне енгенінен бері қанша жыл өткенін белгілеңіз:

- A) 17 жыл B) 43 жыл C) 9 жыл
- D) жарты жыл E) бір жарым жыл

64. Мәтінге **сай келмейтін** ақпаратты белгілеңіз:

- A) Аумақта шалғындар кездеседі
- B) Қорық біртекті қауымдастықтан тұрады
- C) Ерекше қорғалатын қорық
- D) Шетелдік туристер үшін қызықты
- E) Әлемдік маңызы бар аумақтың бірі

65. Қорықтың басым аймағы қайда орналасқан?

- A) Көлік жолдарының торабында
- B) Облыстардың қиылысында
- C) Шөл мен шөлейтті зоналарда
- D) Бірнеше өзендердің тоғысында
- E) Құстардың көші-кон тоғысында

Қазақ тілі
(өзге ұлт тобы)

56. Жатыс септігінің жалғауы бар квадратты алып тастаса, төмендегілердің қайсысы пайда болады?

-дан, -ден	-нің, -ның	-мен, -бен
	-ға, -ге	-да, -де

A)

B)

C)

D)

E)

57. Екі сөзден жасалған атауды белгілеңіз:

- A) аспаз
- B) аспан
- C) астана
- D) ақсақал
- E) ақша

58. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз:

Сауда орындарын ... толтыру керек.

- A) отандық өнім
- B) отандық өнімдермен
- C) отандық өнімдерді
- D) отандық өнімдерде
- E) отандық өнімдерден

59. Берілген жалғаулардың мысалдарын сәйкестендіріңіз:

Жалғау:	
1	Жіктік жалғау
2	Көптік жалғау
3	Тәуелдік жалғау
4	Септік жалғау

Мысал:	
а	Көктемде
ә	Мезгілдер
б	Сұрадым
в	Дәптерің

- A) 1 – ә, 2 – в, 3 – б, 4 – а
- B) 1 – а, 2 – б, 3 – ә, 4 – в
- C) 1 – б, 2 – а, 3 – в, 4 – ә
- D) 1 – в, 2 – ә, 3 – б, 4 – а
- E) 1 – б, 2 – ә, 3 – в, 4 – а

60. Қай сөзге жіктік жалғауы жалғанғанын белгілеңіз:

- A) дәптерімнің сырты
- B) үздік оқушым
- C) абыройы көтерілді
- D) кеш келдіңіздер
- E) көп жылғы еңбектеріңіз

61. Сөз түрлендіруші жұрнақ жалғанған сөзді табыңыз:

- A) дәптерлер
- B) қызылдау
- C) оқушының
- D) сыбызғы
- E) әншімен

62. «Нені?» сұрағына жауап беретін сөйлемді белгілеңіз:

- A) Мұғалім дәптерді жинап алды.
- B) Дүкенге достарыммен бірге барамын.
- C) Дастанның дәптерге жазуға қаламы жоқ.
- D) Атам қаламсаппен жазуды ұнатады.
- E) Әкем мен анамды жақсы көремін.

Мәтінді мұқият оқып, төмендегі 63, 64, 65 сұрақтарға жауап беріңіз:

Біздің мектеп директоры өте ақылды және мәдениетті адам. Сөз сөйлегенде асықпай, баппен сөйлейді. Керек кезде түсінікті болу үшін, бір сөзді бірнеше рет қайталайды. Әр мұғалім мен оқушының түсінгенін қалайды. Сөздері өмірден алынған, естіген адамға қатты әсер етеді. Бір тыңдаған жан тағы да тыңдағысы келеді. Сондықтан біз оны сүйсініп тыңдаймыз. Тілі таза, әрі бай, барынша айқын.

63. Мәтіннің тәрбиелік мағынасы қандай?

- A) Үлкендердің сөзін тыңдамау
- B) Әдемі сөйлей білу
- C) Басқаларға тіл тигізбеу
- D) Сөйлегенде қайталап сөйлеу
- E) Сөйлегенде, басқаларды тыңдамау

64. Мәтінге **сай келмейтін** қатарды белгілеңіз:

- A) Директор тез сөйлейді
- B) Адамға әсер етіп сөйлей алады
- C) Директор өте сауатты сөйлейді
- D) Сөйлегенде өмірден мысал келтіреді
- E) Директор түсінікті сөйлегенге мән береді

65. Мәтіннің мазмұнына **сәйкес келетін** сұрақты белгілеңіз:

- A) Көп тіл білу үшін не істеу керек?
- B) Көп сөйлеген адамға пайдалы ма?
- C) Балаларға не үйрету керек?
- D) Жанға әсер ету үшін, қалай сөйлеу керек?
- E) Аз сөзбен көп нәрсе түсіндіре аласыз ба?

Қазақстан тарихы
История Казахстана

66. Үйсіндердің әлеуметтік құрылымы:

- A) шаньюй – түменбасы – тайпа ақсақалдары – көшпелілер
- B) гуньмо – бектер – тайпа көсемдері – малшылар мен егіншілер
- C) патша – қолбасшылар – әскерлер – бақташылар мен егіншілер
- D) хан – кіші хандар – уәзірлер – тайпа көсемдері – егіншілер мен малшылар
- E) қаған – шадтар – тархандар мен бұйрықтар – қара бұдын

66. Структура общественного устройства уйсунув:

- A) шаньюй – түменбасы – старейшины племен – кочевники
- B) гуньмо – беки – вожди племен – скотоводы и земледельцы
- C) царь – военачальники – войны – пастухи и земледельцы
- D) хан – малые ханы – везири – вожди племен – земледельцы и скотоводы
- E) каган – шады – тарханы и буйруки – кара будун

67. Қаңлыларда халықаралық сауданың дамығандығын дәлелдейді:

- A) мешіттердің құрылысы
- B) керуен-сарайлардың ашылуы
- C) жібектің өндірісі
- D) жәрмеңкелердің ұйымдастырылуы
- E) теңгелердің қолданылуы

67. Свидетельство(-а) существования у кангюев международной торговли:

- A) строительство мечетей
- B) открытие караван-сараев
- C) изготовление шелка
- D) организация ярмарок
- E) наличие монет

68. Қазақстанда ежелгі заманда тас, жартас бетіне қашау арқылы сызып немесе ойып салынған суреттер:

- A) иероглифтер
- B) сына жазулар
- C) петроглифтер
- D) терракоталар
- E) анаграммалар

68. Высеченные на скале, камне различные изображения животных, птиц, сцен охоты, битв древнего Казахстана:

- A) иероглифы
- B) клинопись
- C) петроглифы
- D) терракоты
- E) анаграммы

69. Көшпелі-малшылардың мезолиттегі аңшылар мен терімшілерден айырмашылығы:

- A) өнермен айналысты
- B) өздері өнім өндірді
- C) отбасылар құрды
- D) құралдар дайындады
- E) діни түсініктерге сенді

69. Отличие кочевников-скотоводов от охотников и собирателей мезолита:

- A) занимались искусством
- B) сами производили продукцию
- C) создавали семьи
- D) изготавливали орудия
- E) имели религиозные представления

70. Қола дәуірінің аяғы мен темір дәуірінің басында таза көшпелі өмір салты қалыптасқан өңір:

- A) Қазақстанның далалы аймақтары
- B) Алатау тауының бөктерлері
- C) Сырдария өзенінің бойы
- D) Шу өзенінің бойы
- E) Тарбағатай тауының бөктерлері

70. В конце бронзового и начале железного периода чистое кочевание сформировалось:

- A) в степных районах Казахстана
- B) по отрогам гор Алатау
- C) по берегам Сырдарьи
- D) по берегам Чу
- E) по отрогам гор Тарбагатай

71. Көшпелі шаруашылықтың отырықшы шаруашылықтан айырмашылығына жатпайды:

- A) сауда-саттықпен айналысу
- B) шаруашылықта малдың басым болуы
- C) қуаң жерлерді игеру
- D) маусымдық көші-қон
- E) алыс-сапарларға төзе білу

71. Не относится к отличию кочевого хозяйства от оседлого хозяйства:

- A) занятие торговлей
- B) преобладание скота в хозяйстве
- C) освоение полупустынь
- D) сезонные перекочевки
- E) адаптация к дальним странствиям

72. Сазбалшықты жоғары температурада күйдіру арқылы жасалған түрлі бұйымдар:

- A) Дромос
- B) Болас
- C) Керамика
- D) Нуклеус
- E) Ретушь

72. Общее название всех видов изделий из обожженной глины:

- A) Дромос
- B) Болас
- C) Керамика
- D) Нуклеус
- E) Ретушь

73. «Сақ дәуірі археологиялық ескерткіштері негізінен алғанда оба түрінде кездеседі. Жетісуды мекендеген сақтардың обаларын көлемін жағынан үш түрге бөлуге болады. Біріншісі – үлкен обалар. Олар шеңберлерінің диаметрі 48 метрден 104 метрге дейін, биіктігі 7 метрден 20 метрге дейін болады, яғни алты қабат үйдің биіктігіндей екен. Екінші түрі – орташа обалар. Олардың диаметрі 30 метрден 45 метрге дейін, ал биіктігі 2-6 метр. Үшіншісі – кіші обалар. Сақ обаларының бұл түріне диаметрі 6-18 метр, биіктігі 50 сантиметрден бір метрге дейінгі обалар жатады. ... Даңқы шыққан тайпа көсемдерін, аса белгілі адамдарды көлемді... обаларда жерледі».

Мәтінде сипатталған археологиялық ескерткіштер көлемінің әр түрлі болудың мәні:

- A) жергілікті халықтың діни дәстүрлеріне байланысты
- B) обаларда жерленген адамдардың қайтыс болу себебіне байланысты
- C) обаларда жерленген адамның шыққан тайпасына байланысты
- D) обаларда жерленген адамдардың әлеуметтік орнына байланысты
- E) жергілікті халықтың дәулетіне байланысты

73. «Археологические памятники сакского периода – это в основном курганные погребения. Курганы саков Жетысу по размерам можно разделить на три группы. Первые – большие курганы. Их диаметр от 48 до 104 метров, высота от 7 до 20 метров, т.е. равна высоте шести-этажного дома. Ко второй группе относятся средние курганы. Их диаметр от 30 до 45 метров, высота 2-6 метров. Третью группу составляют малые курганы. Диаметр их 6-18 м, высота от 50 см до 1 метра... в больших курганах похоронены цари, вожди племен, почетные саки...».

Определите, чем объясняется разный размер археологических памятников, описанных в тексте:

- A) религиозными представлениями местного населения
- B) причиной смерти покойного
- C) племенной принадлежностью покойного
- D) социальным положением покойного
- E) материальным достатком населения

74. Тарихи оқиғалардың хронологиялық ретін анықтаңыз:

- a) Каталаун шайқасы
- b) Мөденің өз мемлекетінің солтүстік шекарасын түбегейлі орнықтыруы
- c) Ғұндардың Қытайдың Хань әулетінің негізін салушысы Лю-Банды жеңуі

- A) 1-b, 2-a, 3-c
- B) 1-c, 2-b, 3-a
- C) 1-c, 2-a, 3-b
- D) 1-b, 2-c, 3-a
- E) 1-a, 2-b, 3-c

74. Установите хронологический порядок событий:

- a) Каталаунская битва
- b) Моде утвердил северные границы своего государства
- c) Гунны смогли сокрушить основателя династии Хань Лю-Бана

- A) 1-b, 2-a, 3-c
- B) 1-c, 2-b, 3-a
- C) 1-c, 2-a, 3-b
- D) 1-b, 2-c, 3-a
- E) 1-a, 2-b, 3-c

75. Кестенің үшінші ұяшығына сәйкес келетін үрдіс (құбылыс):

Мезолит	Неолит	Энеолит
1. Рулық қауымның күшеюі	2. Аналық рудың үстемдік етуі	3. ?

- A) Адамдар тобырының орнығуы
- B) Аталық рудың бекітілуі
- C) Тайпалық одақтардың құрылуы
- D) Әскери демократияның нығаюы
- E) Мемлекеттік бірлестіктердің қалыптасуы

75. Определите явление (процесс), соответствующее(-ий) третьей ячейке таблицы:

Мезолит	Неолит	Энеолит
1. Укрепление родовой общины	2. Господствование матриархата	3. ?

- A) Установление человеческого стада
- B) Утверждение патриархального рода
- C) Формирование племенных союзов
- D) Закрепление военной демократии
- E) Образование государственных устройств

Жауаптар / Ответы

Математика Логика	1	Е
	2	Е
	3	С
	4	А
	5	В
	6	С
	7	С
	8	А
	9	С
	10	А
	11	А
	12	С
	13	А
	14	Е
	15	Д
	16	А
	17	Д
	18	А
	19	В
	20	А
	21	Д
	22	Д
	23	С
	24	Д
	25	В
	26	Е
	27	В
	28	Д
	29	Д
	30	Е
	31	А
	32	В
	33	С
	34	Д
	35	С
	36	Е
	37	А
	38	С
	39	Е
	40	А
	41	Д
	42	В
	43	А
	44	В
	45	С
	46	В
	47	Е
	48	Д
	49	С
	50	В
	51	В
	52	Д
	53	С
	54	С
	55	А

Қазақ тілі (қазақ тобы)	56	А
	57	С
	58	С
	59	Д
	60	С
	61	В
	62	Д
	63	С
	64	В
	65	Е
Қазақ тілі (өзге ұлт тобы)	56	С
	57	Д
	58	В
	59	Е
	60	Д
	61	В
	62	А
	63	В
	64	А
	65	Д
Қазақстан тарихы История Казахстана	66	В
	67	Е
	68	С
	69	В
	70	А
	71	А
	72	С
	73	Д
	74	Д
	75	В